

ПӘН АПТАЛЫҚТАРЫ

Пән апталықтарының мектептегі оқу-тәрбие үдерісіндегі рөлі өте маңызды. Олар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға, шығармашылығын дамытуға, мұғалімдердің кәсіби тәжірибе алмасуына және пәннің мазмұнын тереңірек меңгертуге бағытталған.

Пән апталықтарының негізгі мақсаты: Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, пән бойынша терең білім алуына жағдай жасау және мұғалімдердің кәсіби тәжірибе алмасуын қамтамасыз ету.

Нақтырақ айтқанда, пән апталығының мақсатына келесі бағыттар кіреді:

- 1. Пәнге қызығушылықты арттыру:**
Түрлі танымдық, шығармашылық, сайыс және практикалық іс-шаралар арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын ояту.
- 2. Оқушылардың қабілетін анықтау және дамыту:**
Қабілетті, дарынды, пәнге бейім оқушыларды анықтап, олардың дамуына мүмкіндік жасау.
- 3. Білім сапасын арттыру:**
Пәндік білімді шығармашылықпен қолдануға үйрету, логикалық және сын ойлауды дамыту.
- 4. Мұғалімдердің кәсіби өсуіне ықпал ету:**
Пән мұғалімдерінің әдістемелік ізденісін арттыру, озық тәжірибелермен алмасуға жағдай жасау.
- 5. Оқу мен тәрбиені ұштастыру:**
Ұлттық құндылықтарды, тәрбиелік мазмұнды пәнмен байланыстыру арқылы оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамыту.
- 6. Коммуникативті және топпен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру:**
Оқушылардың бірлесіп жұмыс істеу, пікір айту, өз ойын жеткізу дағдыларын дамыту.

Жоғарыда көрсетілген мақсаттар мен бағыттар негізінде мектебімізде жыл сайын оқу жылының басында әр бірлестікте айлық жоспар бекітіліп, сол бойынша пән мұғалімдері тәжірибе алмасады. Пән апталығы мектептің жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Пән апталығының қорытындылары бойынша белсенді қатысушылар сыйлықтармен, жүлделі орындармен және мақтау қағаздарымен марапатталады. Пән апталығы аяқталғаннан кейін әдістемелік бірлестік отырысында пән апталығы барысында ұйымдастырылған шараларға тапсау жасалады. Осы орайда мектебімізде өткізілген 3 жылдық әрбір бірлестіктің айлық жоспарында атқарылған жұмыстарға тоқталатын болсақ,

2022-2023 оқу жылы бойынша:

«ТАРИХ ПЕН ТІЛ-МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ МҰРАСЫ» АПТАЛЫҚТЫҢ АШЫЛУЫ

«Өркеннет» қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы пән бірлестігінің апталық жоспарының тақырыбы: **ТАРИХ ПЕН ТІЛ-МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ МҰРАСЫ**. Аталмыш тақырыпта апталықтың ашылу салтанаты болып өтті. Апталықтың ашылуын мектеп директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары Г. Аймишова құттықтау сөзбен ашып, бірлестік мұғалімдері мен оқушыларға сәттілік тіледі. Ашылу салтанатында оқушылар Кеңесары хан, Абай Құнанбайұлы, Шокан Уәлиханов, Александр Сергеевич Пушкин, Уильям Шекспир тарихи тұлғаларды театрландырылған қойылыммен сомдады. Халқымыздың тілі, әдебиеті, тарихы, географиясынан сырт шертті. Сонымен қатар, 5-сынып оқушылары Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» аты әнін үш тілде орындады.



<https://www.facebook.com/share/v/17A9cchjpw/>

📌 «ОЛИМПИАДАҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ» мұғалімдерге арналған әдістемелік сағаты

- ✓ «Олимпиадаға дайындаудың тиімді жолдары» тақырыбында «Тіл мен тарих-мәңгілік елдің мұрасы» атты гуманитарлық-қоғамдық бағытындағы пәндер өнкүндігінің аясында тарих пәні мұғалімі Раушан Жумабековна Казбаева мұғалімдер арасында әдістемелік сағатымен бөлісті.
- ✓ Іс-шара аясында Олимпиадалық резервтегі қабілеті жоғары дарынды балаларды анықтау әдістері және олармен жасалатын тереңдетілген жұмыстардың стратегиялық жоспары таныстырылды.
- ✓ Дарынды оқушыларды анықтайтын желі сайттары, әдістемелік құрал топтамалары таныстырылып, көпшіліктің сауалдарына кеңінен жауап берілді.

https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid02ewtViVg7XQnds4yZbitY674e4BmLB4gKgDXuCGiCHjnMZTSWlGkK5MUtADCBwXkBl&id=109028445863130&rdid=PZK20n1CPjSabbHU#





4. «АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА ДАЙЫНДАУДЫҢ ЖОЛДАРЫ» тақырыбындағы мұғалімдер арасындағы әдістемелік сағаты

- ✓ «Тіл мен тарих-мәңгілік елдің мұрасы» атты гуманитарлық-қоғамдық бағытындағы пәндер онкүндігінің аясында тарих пәні мұғалімі Раушан Жумабековна Қазбаева «Авторлық бағдарлама дайындаудың жолдары» тақырыбында мұғалімдер арасында әдістемелік сағатымен бөлісті.
- ✓ Іс-шара барысында Авторлық бағдарламаны тиімді жасау жолдары, оны құрастыру барысында аса мән берілетін концептілер мен әдістерге талдау жұмысы жүргізілді.
- ✓ Авторлық бағдарлама жасау кезінде қандай нюанстарға мән беріп, қандай қиындықтарға кездесуі мүмкін ықтимал сұрақтар кеңінен талқыланды. Сонымен қатар пән мұғалімі өзінің жарық көрген авторлық бағдарламасымен таныстырды.

https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid02ewtViVe7XQnds4vZbitM674c4BmLB4gKgDXuCGiCHjnMZTSW1GkK5MUtADCBwXkBl&id=100028445863130&rdid=UAKIggvMcbgVGkb5#



5. «БІЛІМДІДЕН ШЫҚҚАН СӨЗ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ШЕБЕР СЫНЫП

- ✓ «Тіл мен тарих-мәңгілік елдің мұрасы» тақырыбында «Өркеннет» қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы пәндер бірлестігінің айлық жоспарына сай қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Есіркепова Бақыткүлдің ұйымдастыруымен мектеп мұғалімдеріне «Білімдіден шыққан сөз» Абай Құнанбайұлының «Жетінші қара сөзіне» негізделген шебер сынып өткізілді.

- ✓ Шебер сынып барысында мұғалімдер «Тән қалауы», «Жан қалауы», «Толық адам» тобына топтасып, қара сөздердегі айтылған адам бойындағы қасиеттер бойынша пікірлер айтты.
- ✓ Ақынның қара сөздерін насихаттай отырып, авторлық әдіс-тәсілдермен бәлісті.
- ✓ <https://www.facebook.com/share/v/14HkXTE8Biu/>



✶ **“МҰЗАРТ ШЫҢНЫҢ МҰЗБАЛАҒЫ” АТТЫ ӘДЕБИ КЕШ**

- ✓ 9 ақпан – Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Өмірзақ Эльмира Талғатқызының ұйымдастыруымен 9 «А» сыныбымен өзінен басқару ұйымы «Мұзарт шыңының Мұзбалағы» атты әдеби кеш өткізді.
- ✓ Кеш барысында Мұқағали ақынның жырлары оқылып, сөзіне жазылған әндері шырқалды.
- ✓ Поэмасының желісімен сахналанған қойылым көрсетілді, сонымен қоса Мұқағалиға арналған арнау өлеңдерде оқылып, тыңдарман қауымының жүрегінен орын алды.



<https://www.facebook.com/share/v/1ZhWJRRNEb/>



<https://youtu.be/18JutXL1Fzo>

• **«ТАЛАПТЫҢ МІНІП ТҰЛПАРЫН, ТАС ҚИЯҒА ӨРЛЕДІМ» АТТЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КҮН**

«Тіл мен тарих- мәңгілік елдің мұрасы» атты қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы пәндердің онкүндігінде 2023 жылдың 7 ақпан күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Утепова Сая Арысжанқызының «Талаптың мініп тұлпарын, Тас қияға өрледім» атты шығармашылық күні өткізілді.

Шығармашылық күн ең бірінші мұғалімнің жеткен жетістіктері мен жасаған дүниелерінен құралған көрмемен басталып, «Ұстаздық жол-дара жол» тақырыбында бағдарлама жүргізіліп, мектеп директоры Жұмашов Мейрамбек Мырзағалиұлы ашып, мұғалімнің өмір жолынан сұхбат болды. Іс-шара «Абайдан аманат» атпен әдеби кешке ұласты. Әдеби кеште оқушылардың өнерлері тамашаланып, оқушылар мен мұғалімдерге Абай шығармаларынан челлендж ұйымдастырылды. Оқушылармен жүргізілген жұмыстан соң, мұғалімдерге арналған «Әдіс-тәсілдеріммен бөлісемін» деген атпен коучинг өткізілді. Коучингте оқушыларды топтастыру, тақырып ашу, сергіту, қазақ тілі сабағында қалыптасатын 4 дағды бойынша тыңдалым/айтылым, оқылым, жазылым бойынша әдіс-тәсілдер көрсетіліп, жұмыстар жасалынды. Одан кейін, мұғалімдер бөлмесінде кофе-брейк ұйымдастырылып, мұғалімдердің пікірлері талқыланды. Түстен кейін 5 «А» сыныбына «Б.Сөкпақбаевтың «Менің атым-Қожа» повесі» тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Шығармашылық күннің қорытындысы ретінде, кеш ұйымдастырылып, оқушылардың композициясы мен хорына ұласып, іс-шара соңы ШЫҒАРМАШЫЛ ҰСТАЗ деген сөзбен қорытындыланды.



<https://www.facebook.com/share/v/1BNASD6vJM/>

«ДУХОВНОЕ НАСЛЕДИЕ АБАЯ» ТАНЫМДЫҚ КЕШ ӨТКІЗІЛДІ

Орыс тілі пәнінің мұғалімі Сагидуллаев Габит ағайдың ұйымдастыруымен «Абайдың рухани мұрасы» тақырыбында орыс тілінде әдеби кеш өтілді.

Мақсаты: жасөспірімдер арасында этникалық мәдениетті, жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға ықпал ету, қазақтың ұлы ақыны, философы, композиторы шығармашылығын тәрбиелеу және құрметтеу.

Іс-шара барысында Абай – ғажайып ақындық күш, қазақ халқының мақтанышы. Оның 4 мезгілге (көктем, жаз, қыс, күз) арнаған өлеңдері, әндері орындалып, Абай Құнанбаевтың он жетінші қара сөзінен театрландырылған қойылымдар қойылды.

<https://www.facebook.com/share/1BJZm2DFaW/>



«АХМЕТ-ҰЛТ ҰСТАЗЫ» СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА ЖӘНЕ «АБАЙ В МОЕЙ ЖИЗНИ» АТТЫ САЙЫС САБАҚ

"ТІЛ МЕН ТАРИХ-МӨНГІЛІК ЕЛДІҢ МҰРАСЫ" атты қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы пәндер онкүндігінің аясында орыс тілі пәнінің мұғалімі Жайшылықова Гүлзаттың ұйымдастыруымен 5 - сынып оқушыларымен бірге "Абай в моей жизни" атты сайыс сабақ өтті. Сайыс "Квест", "Колеса фортуны", "Музыкальный конкурс" атты 3 кезең бойынша жүргізілді. Сайымға әділқазылар алқасы төрелік жасап, қатысушы топтарға жүлделі орындар мен сыйлықтар табыстады.

Сондай-ақ, Тілегенова Аңсағанның 5-6 сынып оқушыларымен "Ахмет - ұлт ұстазы" атты сыныптан тыс іс-шара өтті. Іс-шара барысында тарихи өмірінде орны айрықша зор тұлға - Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығынан деректер айтылып, өлеңдері оқылып, мысалынан көрініс қойылды. Іс-шара соңында оқу ісі жөніндегі орынбасары Г. Аймишова сөз сөйлеп, қорытындылады.



<https://www.facebook.com/share/p/1ELeFfgbiG/>

«FUNNY BREAK TIME» КӨҢІЛДІ ҮЗІЛІС

«ТІЛ МЕН ТАРИХ – МӨҢГІЛІК ЕЛДІҢ МҰРАСЫ» атты гуманитарлық-қоғамдық бағытындағы пәндер онкүндігінің аясында ағылшын тілі пәні мұғалімдері Өбдіраш Аияль мен Бақытжанова Гүлзаттың ұйымдастыруымен «Funny break time» үзілісті тиімді өткізу мақсатында бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тілінде әртүрлі тапсырмалар әзірленді. Дұрыс жауап берген балаларды сыйлықтармен міндеттенді.



<https://www.facebook.com/share/v/1D3XduXd7G/>

«ӨЛЕҢ – СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ, СӨЗ САРАСЫ» ҮШ ТІЛДЕ САЙЫС

“Өркеннет” қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігінің “АЛДЫМДА АҚЫН АБАЙ – ТЕМІРҚАЗЫҚ” тақырыбындағы айлығы барысында ағылшын тілі пәні мұғалімдері Өбдіраш Аияль мен Ібайдулла Гүлжаннанның ұйымдастыруымен «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» атты үш тілде сайыс өткізілді. Сайысқа 5-9 сынып оқушылары қатысты. Әр түрлі кезеңдерде білімдерін ортаға салды. Сайыстың соңғы кезеңінде Абайдың қара сөзі немесе өлеңін ағылшын тілінде орындады. Сайыс соңында оқушылар арнайы дипломдармен марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/p/1FaJC4etqm/>



2023-2024 оқу жылы бойынша:

«АЛДЫМДА АҚЫН АБАЙ-ТЕМІРҚАЗЫҚ» АЙТЫҚ ІС-ШАРАНЫҢ АШЫЛУЫ

2023 жылдың 5 желтоқсанында "Өркеннет" қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігінің ұйымдастыруымен "АЛДЫМДА АҚЫН АБАЙ - ТЕМІРҚАЗЫҚ" тақырыбындағы айтығының ашылуы болып өтті. Іс-шараны оқушылар үш тілде жүргізіп, Абай атамның қара сөздері мен өлеңдерінен үзінділерді де үш тілде жатқа айтты. Қатақша би билеп, тіл туралы ән шығады. Бірлестік жетекшісі А.Асқарова мектеп ұжымына айтық іс-шаралар жоспарын таныстырып, барлығын қатысуға шақырды.



<https://www.facebook.com/share/p/1AKcCPo445/>

• «ТӨҢКЕРІЛГЕН ОҚЫТУ» ӘДІСІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ТИІМДІ

ҚОЛДАНУ тақырыбындағы іс-тәжірибемен бөлісу сағаты

- ✓ «Алдымда ақын Абай - Темірқазық» тақырыбында «Өркеннет» қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы пәндер бірлестігінің айтық жұмыстарының қорытынды кезеңінде аудандық семинар өткізіліп, тарих пәнінің мұғалімі Раушан Жумабековна Калбаева «Төңкерілген оқыту» әдісін оқыту үдерісінде тиімді қолдану тақырыбында мұғалімдер арасында шебер сынып өткізіліп.
- ✓ Іс-шара барысында ақын Абайдың шежіресі таныстырылып, оның қазіргі таңдағы ұрпақтары анықталды. Абай шежіресін таныстыруда «Төңкерілген оқыту» әдісінің қолданылуы шебер сыныптың жанатығы болды.
- ✓ Іс-шара аясында Абайдың Жидебайдағы музейіне сенсорлы жүйе арқылы кіріп саяхаттауға мүмкіндік туды. Абай шежіресімен таныса отырып, мұғалімдер тиімді әдіс-тәсілдерді қоржынына жинауға мүмкіндік алды.

https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid033RkKaupHVGW5sXLsbBLD32oYNVgbLZsoMipbngazoCL3yF9wttyooopcUBESfjEP1&id=100028445863130&rdid=MO5iHQBENlzKivs0#




"АЛДЫМДА АҚЫН АБАЙ - ТЕМІРҚАЗЫҚ" ТАҚЫРЫБЫНДА АУДАНДЫҚ СЕМИНАР

Мектебімізде аудандық деңгейде «Абай Толық адам және Мен» жобасы аясында «Өркеннет» қоғамдық-гуманитарлық пән бірлестігінің «АЛДЫМДА АҚЫН АБАЙ-ТЕМІРҚАЗЫҚ» АТТЫ тақырыбында семинар өткізілді. Семинардың негізгі мақсаты – үздік педагогтердің іс-тәжірибесін насихаттау, заманауи әдістемелермен бөлісу және мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру болды. Іс-шараға аудан мектептерінен келген білікті ұстаздар, әдіскерлер, жас мамандар қатысты. Семинар барысында әртүрлі пән мұғалімдері ашық сабақтар мен шеберлік сағаттарын өткізді. Әсіресе, оқытуда оқушы белсенділігін арттыру, критериялды бағалау, сараланған тапсырмаларды қолдану, АКТ құралдарын тиімді пайдалану, оқушының зерттеу қабілетін дамыту сияқты өзекті мәселелер жан-жақты қарастырылды.

Семинар барысында «АБАЙ. ТОЛЫҚ АДАМ және МЕН» жобасы аясындағы жоспарға сәйкес «Абай - дана, Абай - дара» айдарымен мектеп залының ашылу рәсімі болды, одан әрі оқушылар ұлы ақынның балалық шағынан бастап даналыққа дейінгі кезеңін шағын кинодтармен суреттеді. Сонымен қатар мектеп мұғалімдері түрлі коучингтер мен шебер сыныптар өткізді. Атап айтар болсақ, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Утепова Сая «Абай мұрасы - халық ұлағаты» тақырыбында коучинг өткізіп, әріптестермен әдістемелік әдістерімен бөлісті. «Педагогическое взгляды А. Кунабаева» тақырыбында ұлы Абайдың қара сөздерімен өзекті мәселелерді ұштастыра отырып орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Аскарова Алина шебер сынып өткізді. Тарих пәні мұғалімі Қазбаева Раушан «Тенкерілген оқыту» әдісін оқыту үдерісінде тиімді қолданудағы іс-тәжірибесімен әріптестер алдында бөлісті. «Сен де бір кірпіш дүниеге...» атты тренингте ағылшын тілі пәні мұғалімі Өбдіраш Аналь қызықты сергіту сәттерін жүрістіру арқылы қатысушыларды тиімді тәсілдерімен баурап алды. Семинар қорытындысында «Абай десе өлеңнен маржан табасың, Абай деп таны қазақтың байтақ даласын» тақырыбында шағын концерттік бағдарламада қатысушылар қойылым көріп, оқушылардан құрылған

оркестрдің орындауындағы күй мен әнді тамашалады. Тарих пәні мұғалімі Жамет Алдиярдың «Абай мұрасы - ұрпаққа аманат» атты Жидебайдағы Абай мұражайына онлайн саяхатымен жалғасқан шара соңында аудандық білім бөлімінің әдіскері Дүзелбаева Гүлнар қорытынды сөз сөйлеп, мектеп ұжымына алғысын білдірді.



<https://www.facebook.com/share/v/1EaQtGsCAy/>



«BRAIN RINK» ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ САЙЫСЫ

№276 орта мектепте ағылшын тілі пәні мұғалімі Бақытжанова Гүлзаттын ұйымдастыруымен «Brain Rink» тақырыбында интеллектуалдық сайыс өткізілді. Сайысқа 6-сынып оқушылары қатысып, ағылшын тілінен түрлі бағыттағы тапсырмалар орындады. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттыру, сөздік қорын молайту, шапшаңдық пен тіл байлығын дамыту. Ойын түрінде өткізілген бұл сайыс оқушылардың эйінін, логикалық ойлауын және командалық жұмыс дағдыларын арттырды. Қатысушылар белсенділік танытып, өз білімдерін ортаға салды.

<https://www.facebook.com/share/p/19e83fJcB2/>



«СЕН ДЕ БІР КІРПІШ ДҮНИЕГЕ» ТРЕНИНГІ

№276 орта мектепте «Өркеннет» қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігі өткізген аудандық семинарда ағылшын тілі пәні мұғалімі Әбдіраш Анэль "Сен де бір кірпіш дүниеге" атты тренинг өткізді. Тренинг 3 бөлімнен тұрады: "Ыстық қайрат", "Нұрлы ақыл", "Жылы жүрек". Тренинг барысында семинарға қатысушы мұғалімдер шағын

топтарға бөлініп, әр түрлі тапсырмалар мен қызықты ойындар ойнады. Сонымен қатар онлайн-квест ойынын ойнап, Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу жасады және ағылшын тілін дамыту үшін оқуға арналған бірнеше кітаптармен танысты. Тренинг соңында ұстаздар QR код арқылы кері байланыс жасап, бір-біріне жақсы тілектер айтты.



<https://www.facebook.com/share/v/17DMkKmMyg/>

<https://www.facebook.com/share/v/1GxjTqQE5h/>

«ҒЫЛЫМИ ЖОБА ЖАЗУДЫҢ ҚЫРЫ МЕН СЫРЫ» ТАНЫМДЫҚ САБАҚ

№ 276 орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Утепова Сая Арысжанқызының ұйымдастыруымен мектеп мұғалімдеріне «ҒЫЛЫМИ ЖОБА ЖАЗУДЫҢ ҚЫРЫ МЕН СЫРЫ» тақырыбында танымдық сабақ өткізілді. Сабақ барысында ғылыми жоба жазудың реттілігі, пікір, күнделігі, мазмұны, аннотациясы, ұсынысы т.б. толықтай түсіндіріліп, талдау жасалды. Сонымен қатар, мұғалімдерге ғылыми жобаның тақырыбын тандау, оны қалай бастау керектігі жөнінде жұмыстар жасап талданды.



<https://www.facebook.com/share/p/1A212hDaZf/>

- ✎ **«ЖОШЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 840 ЖЫЛ»** тақырыбындағы сынып сағаты
- ✓ Шыңғыс ханның үлкен ұлы «Жошының туғанына 840 жыл» тақырыбында тарих пәні мұғалімі Раушан Жумабековна Казбаева сыныптан тыс іс-шарасы өткізілді.
- ✓ Іс-шара барысында 10-11 сынып оқушылары арасында «Ақсақ Құлтан Жошы хан» аңызының шығу тарихынан бастап, 2021 жылы өз жұмысын бастаған Жошы хан тарихи-мәдени кешенінің жұмыстарына сипаттама жасалды.
- ✓ Ұлытаудың баурайында, Дешті Қыпшақтың төрінде сайын далادا орналасқан Жошы кесенесінің қазіргі қалпы мен тұрғызылу тарихы кеңінен баяндалып, іс-шара барысында кеңінен таныстырылды.

https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1363985981226251&id=100028445863130&mibextid=wwXlfr&rdid=g9RAuHxbiKg1G3j#



"ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИДІҢ 930 ЖЫЛДЫҒЫ" ОРАЙ СЫНЫПТАР АРАСЫНДА САЙЫС ӨТКІЗІЛДІ

Тарих пәнінің мұғалімдері Қазбаева Раушан мен Жамет Алдиярдың ұйымдастыруымен біртұтас тәрбие бағытындағы «Қожа Ахмет Яссауидің — 930 жылдығы» мерейтойына орай 10 - 11 сыныптар арасында Қожа Ахмет Яссауи мұрасымен таныстыру, ұлы тұлғаның өмірімен, хикметтерін, олардың мәнін мағынасын түсіндіре отырып, өскелең жас ұрпақтың арасында насихаттау мақсатында мектепшілік сайыс ұйымдастырылды.

Сайыс барысында «Қыран», «Сұңқар» топтары сайысып, 3 кезең бойынша бақ сынасты. Нәтижесінде «Сұңқар» тобы жеңіске жетті. Әділ қазылар мүшелері мектептің оқу ісі жөніндегі орынбасары Айымшова Гүлшаһар және Қосымша білім беру маманы Ақбаев Қуандық сайысты қорытындылап, жүддері орындарды топтарға табыс етті.





2024-2025 оқу жылы бойынша:

«ЖАЗУ МЕН ӨРКЕННЕТ: МӘДЕНИЕТ ДАМУЫНЫҢ АЙНАСЫ»АТТЫ АЙЛЫҚ ІС-ШАРАНЫҢ АШЫЛУЫ

"Жазу мен өркениет: мәдениет дамуының айнасы"атты "Өркениет" қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы пәндер бірлестігі айлығының ашылуы болып өтті.

Іс-шара басында мектеп директоры Жұмашов Мейрамбек Мырзағалиұлы сөз сөйлеп, айлық іс-шараға сәттілік тілеп, барлық әріптестер мен оқушыларды белсенді атсалысуға шақырды.

Іс-шара барысында оқушылар 3 тілде жазудың пайда болуы мен қалыптасу, даму кезеңдері жайлы түсінік берді, одан әрі мектеп оқушылары биімен көркемдеп, 3 тілде монтаж айтты. Қазақ жазуының шығу тарихы туралы баяндама оқыды.



«БІЛІМ. ҒЫЛЫМ. ӨМІР» ТАНЫМДЫҚ САЙЫС САБАҒЫ

- ✓ «Жазу мен өркениет мәдениет дамуының айнасы» тақырыбында «Өркениет» қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы пәндер бірлестігінің айлық жоспарына сай қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Есіркепова Бақыткүл мен Утепова Саяның ұйымдастыруымен мектеп мұғалімдеріне «Білім. Ғылым. Өмір» атты танымдық сайыс сабағы сынып өткізілді.
- ✓ Танымдық байқау барысында мұғалімдер топтасып, қазақ ертегілері мен аңыздарының желісі бойынша, ертегі кейіпкерлерінің қазіргі өмірдегі орны мен маңызы туралы ой бөлісті.
- ✓ Іс-шара аясында қазақ халық ауыз әдебиетімен сусындап, аңыз-жырлар, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер мен жұмбақтардың маңыздылығына тоқталды.
- ✓ <https://www.facebook.com/share/p/19okwVsyH8/>
- ✓



«PISA ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҮҚПАЛЫ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ШЕБЕР СЫНЫП

- ✓ «PISA және жасанды интеллект: оқу сауаттылығын арттыруда жаңа технологиялардың үқпалы» атты қазақ тілі пәні мұғалімі Есіркепова Бақыткүл мен ағылшын тілі пәні мұғалімі Бақытжанова Гүлзаттың шебер сыныбы болып өтті.
- ✓ Шебер сынып барысында мұғалімдер сурет қиындылары арқылы төрт топқа бөлініп, топ мүшелері құрастырған сурет пен топтарының атауларын байланыстыра отырып, тақырып ашты. Тірек сөздер мен суреттер арқылы мәтін құрау сынды тыңдалымалды тапсырманы ChatGPT қосымшасы арқылы орындап, оны түпнұсқамен салыстырды.
- ✓ Жасанды интеллект арқылы кейіпкерлердің өмір жолынан алынған үзінді бойынша STEAM технологиясымен мұғалімдер тапсырма орындалды, яғни, ғылым, өнер, математика сынды бағыттар бойынша өмірдегі кездесетін жағдайларды сабақ барысында қолданып, тәжірибе жүзінде көрсете білді.
- ✓ <https://www.facebook.com/share/v/19bpauDomt/>





📌 **"КӨШБАСШЫ-2024" ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ БІЛІМ САЙЫСЫ**

- ✓ «Жазу мен өркениет мәдениет дамуының айнасы» атты "Өркениет" пәні бірлестігінің айтық жоспарына сәйкес, 2024 жылдың 10 желтоқсанында 9-10 сынып оқушылары арасында қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Өмірзақ Эльмира Талғатқызының ұйымдастыруымен "Көшбасшы-2024" интеллектуалдық сайысы өткізілді.
- ✓ Сайыс 4 кезең бойынша жүргізіліп, оқушылардың білімдері сараланып, қызығушылықтары одан әрі жандандырылды. Өрбір ойыншы өз бақтарын сынап, жетістікке жетуге тырысып бақты.
- ✓ Сайыс кезеңдерінің нәтижесі бойынша
 1 орын - 10 сынып оқушысы **ЖЕТКЕРГЕН ЕРАСЫЛ**
 2 орын - 9 сынып оқушысы **ЖАҢАБАЙ БАЛНҰР**
 3 орын - 9 сынып оқушысы **КӨШЕРБАЙ ӨЗИМ**.



<https://www.facebook.com/share/v/173xPZJADh/>

«ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРДІ ТАҢУ» КОУЧИНГІ

Баланың өмірге бейімделуіне мектеп, ұстаз орны бөлек. Құзіретті тұлға қалыптастыруда оқыту мен тәрбиелеуде жарасымдылық мектеппен ата-ананың әлеуметтік ортаның бірлесіп жұмыс істеген жағдайда үйлесімділік табады. Осы орайда орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Алыпбаева

Айнұр мен Тұяқбаева Нұргүл «Қазіргі замандағы көшбасшылық қасиеттерді тану» атты мұғалімдер арасында коучинг өткізілді.

Коучинг өткізу мақсаты: тұлға қалыптастыруда оқытудың тәсілдерін пайдалану арқылы мұғалім рөлін арттыру. Тұлғаны қалыптастыруда туындайтын мәселелерді анықтау. Мұғалімнің бала тәрбиесіне белсене қатысуының маңызын көрсету, тиімді әдіс-тәсілдер арқылы көшбасшылықты дамытуда мұғалімдермен тәжірибе бөлісу.



«СЫНИ ОЙЛАУ-ОЙДЫ ШЫҢДАУ» ТАҚЫРЫБЫНДА IQ ШОУ

"Жазу мен өркениет-мәдениет дамуының айнасы"атты "Өркениет" қоғамдық-гуманитарлық пән бірлестігі айлығының жоспарына сәйкес орыс тілі пәнінің мұғалімі Г. Жайшылыкова , ағылшын тілі пәнінің мұғалімі А.Әбдіраш ұйымдастыруымен "Сыни ойлау-ойды шыңдау" тақырыбында IQ шоу өткізілді. IQ шоу – мұғалімдер мен оқушылар арасында интеллектуалды сайыс ұйымдастыруға арналған ерекше формат.

Бұл шараның мақсаты – командалық жұмыс пен логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту. Логикалық ойлау, жылдам шешім қабылдау және білімді шығармашылық тұрғыда қолдану дағдыларын арттыру.

Интеллектуалды және танымдық қызығушылықты ояту. Достық атмосфераны қалыптастыру, ұжымдық рухты нығайту.

IQ шоу 7 кезеңнен тұрды:

1. «Талап»
2. «Еңбек»
3. «Терең ой»
4. «Қанағат»
5. «Рақым»
6. «Қара жәшік»
7. «Бәс тігу»

Сайыс соңында барлық командаларға сыйлықтар берілді.

<https://www.facebook.com/share/v/1Yb3QyF5wf/>



"ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІНДІ КӨКТЕМ САМАЛЫ" "KITAP LIKE" ИНТЕЛЕКТУАЛДЫҚ САЙЫСЫ ӨТКІЗІЛДІ.

Балалардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектеп парламенті, кітапханашы Л.Абдраманова мен ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Г. Бакытжанованың ұйымдастыруымен "Әдебиет әлемінде көктем самалы", "Кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз" "KitapLike" кітап талдау дәмханасында атты интеллектуалдық сайысын өткізді. Сайыс барысында 5-6 сынып оқушыларынан құралған "Зерекбөл", "Сыруа", "Білімділер" командалары қатысып, өз білімдерін ортаға салды.

Бұл сайыс оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, логикалық ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

<https://www.facebook.com/share/p/16KWHEsYfZ/>



"THE INDEPENDENT KAZAKHSTAN" ИНТЕЛЕКТУАЛДЫ САЙЫС

Жазу мен өркениет Мәдениет дамуының айнасы" атты өркениет пен бірлестігінің айлық жоспарына сәйкес 7-8 сынып оқушылары арасында оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, ой ұшқырлығын шыңдау, шапшаңдық пен нақтылыққа бейімдеу, Тәуелсіз

Қазақстан мемлекетін өркендетуге, Тәуелсіздігіміздің шексіз, мәңгі болуына адал қызмет ететін білімді де жан - жақты дамыған, интеллекті жоғары, шынайы патриоттар тәрбиелеу мақсатында "THE INDEPENDENT KAZAKHSTAN" атты интеллектуалды сайысы өткізілді.

Сайыс 2 кезеңнен құралып, оқушылар өз білімдерін шыңдалы.

1-кезең: "Polyglot". Отан тілтураты мақал-мәтел бойынша сөзді толықтырып, 3 тілде аудармасын табу;

2-кезең: "The Independent Kazakhstan" Тәуелсіз Қазақстанның тарихынан сыр шертетін сұрақтарға ұшықтарды таңдап отырып, ағылшын тілінде жауап беру.

Сайыс соңында жеңіске жеткен топтарға диплом табыстатып, "Атамекен" әні шырқалды.

Ұйымдастырушылар: Ешниязова Г, Тілектес F, Ібайдулла Г;

<https://www.facebook.com/share/p/1BoqymVkrQ/>



2022-2023 оқу жылы бойынша:

"Балдәурен" бастауыш бірлестігінің ұйымдастыруымен "Тұнып жатқан бұлақтың көзін ашқан, Бар білім бастауыштан қалыптасқан!" атты онкүндігінің ашылуы

Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті ✓276 орта мектепте 3 сәуір күні "Балдәурен" бастауыш бірлестігінің ұйымдастыруымен "Тұнып жатқан бұлақтың көзін ашқан, Бар білім бастауыштан қалыптасқан!" атты онкүндігінің ашылуы болып өтті. Іс-шара басына мектеп директоры М.Жұмиев апталықтың ашып беру сөзін сөйлеп, сәттілік тіледі.

Шара барысында оқушылар шапырақ бейнесінде композиция жасап, ән, би, тақпақтар айтытып, ұстаздар қолына QR код арқылы апталық жоспары саптыңан Smart сағаттар тақты.





https://www.instagram.com/276_ortamektep/

"Балдәурен" бастауыш бірлестігінің "Тұнып жатқан бұлақтың көзін ашқан, Бар білім бастауыштан қалыптасқан!" атты онкүндігі аясында "Бөлісе отыра дамимын" атты шебер сынып өткізді

"Балдәурен" бастауыш бірлестігінің "Тұнып жатқан бұлақтың көзін ашқан, Бар білім бастауыштан қалыптасқан!" атты онкүндігі аясында бастауыш сынып мұғалімдері Досанова Айгул мен Кемаладин Назкеннің ұйымдастыруымен "Бөлісе отыра дамимын" атты шебер сынып өткізді. Шебер сынып барысында мұғалімдермен "Бұрыс, дұрыс", "Маған жету қайда?", "Мыжылған қағаз" т.б әдістерімен бөлісті. Шара соңында "Батарейка" әдісі арқылы кері байланыс алынды. Іс шара соңында оқу ісі жөніндегі орынбасары Аймишова Гүлшахар сөз сөйлеп, қатысушы әріптестерді жасаған жұмыс нәтижесіне қарай бағамдармен марапатталды.



<https://www.instagram.com/p/CqqKF6gNJPw/?igsh=MWtrY3QydDFkbGY4Yw==>

«Балдәурен» бастауыш бірлестігінің «Тұнып жатқан бұлақтың көзін ашқан, бар білім бастауыштан қалыптасқан» атты онкүндігі аясында «Отбасы – бақыт мекені» атты психологиялық тренинг өткізді.

«Балдәурен» бастауыш бірлестігінің «Тұнып жатқан бұлақтың көзін ашқан, бар білім бастауыштан қалыптасқан» атты онкүндігі аясында 18.04.2023 ж бастауыш сынып мұғалімдері Сүлеймен Гүлмира мен Құрман Ақсұлудың ұйымдастыруымен 3 сыныптың ата-аналарымен «Отбасы - бақыт мекені» атты психологиялық тренинг өткізді. Мақсаты Бала тәрбиесі дамуындағы басты рөл атқарушы – отбасы. Өзін-өзі тануына бағыт беру, тәрбие жайлы пікір бөлісу.





<https://www.instagram.com/p/CrQSNw6Nje8/?igsh=MTdpamFtbGMxaDVkcw==>

"Балдәурен" бастауыш бірлестігінің "Тұнып жатқан бұлақтың көзін ашқан, Бар білім бастауыштан қалыптасқан!" атты онкүндігі аясында "Тәуелсіз елдің білімді ұрпақтарымыз" атты зияткерлік сайысы болып өтті.

"Балдәурен" бастауыш бірлестігінің "Тұнып жатқан бұлақтың көзін ашқан, Бар білім бастауыштан қалыптасқан!" атты онкүндігі аясында 14.04.2023 ж бастауыш сынып мұғалімі Сүлеймен Гүлмираның ұйымдастыруымен 4- сыныптар арасында "Тәуелсіз елдің білімді ұрпақтарымыз" атты зияткерлік сайысы болып өтті. Мақсаты : Оқушылардың алған білімдерін жүйелеу, ой – өрісін және пәндерге деген қызығушылығын арттыруына ықпал жасау. Сайыс барысында оқушыларды заманауи түрде «Ватсап», «Инстаграмм», «Телеграмм» деп 3 топқа бөлінді.

Әр топ өздерін таныстырып, "Қас – қағым сәтте" кезені бойынша сұрақтарға жауап берді. «Айшықты сөздер» кезені бұл айналымда бірнеше тұрақты сөз тіркестерін «Тарзия» әдісі арқылы фигура құрастырып сөздерді таба білді. Ойлан тап! «Гиперссылка» әдісі » арқылы ұяшықтар таңдап сұрақтарға жауап берді. Соңғы кезені «Білім – ақиқат бастауы» берілген «Көктем» әңгімесінен керекті сөздердің орнына суреттерін қойып толықтай оқып шықты. Сонымен бірге мұғалім көрермендерге арнап «Жарнама» әдісін жүргізді. Әдет - ғұрыптың өзгеруіне орай тіліміздегі қолданыстан шыққан көнерген сөздердің мәнін таба білуден сөздер беріліп, жұмбақтар қойылды. Сайыс соңында әділқазы алқалары қатысушыларды марапаттады.



<https://www.instagram.com/p/CvLHrtcN3ob/?igsh=aDVhaWRwbXF0dDVw>



2023-2024 оқу жылы бойынша:

БАЛДӘУРЕН" БАСТАУЫШ БІРЛЕСТІГІНІҢ "БОЛСАҢ АБАЙДАЙ БОЛ!" АТТЫ АЙЛЫҚ ІС-ШАРАНЫҢ АШЫЛУЫ

2023 - 2024 оқу жылының 09 қазан мен 03 қараша аралығында «Болсаң Абайдай бол!» атты бастауыш пәндер айлық жұмыстары болып өтті. «Болсаң Абайдай бол!» атты айлық іс-шараның ашылу салтанаты болды. Айлық жұмысымыздың ашылуын мектеп директоры М.Жұмашов ашып беру сөзін сөйлеп, сәттілік тіледі. Шара барысында Абайдың «Күз», «Қыс», «Көктем», «Жаз» төрт мезгілге арналған өлеңдеріне қарай безендіріліп өлеңдерінің мағынасын түсіндіріліп айтылды. 3 – сынып оқушылары арасында Абайдың өлеңдерінен мәнеріне келтіріп айтып берді. Айта кетсек: «Жасыма ғылым бар деп ескермедім», «Ғылым таппай мақтанба?», «Пайда ойлама, ар ойла» өлеңдерін нақышына келтіріп орындады. 4 -сыныптардың қатысуымен «Бала Абай» қойылымы қойылды. Қойылым барысында Абайдың бала күні, әжесі мен анасының ертегілері, Абайдың кішкентайынан ұғымтал, зерек болып өскендігін айқындап берді. Қорытындылай келе мектепалды даярлық тобының ұйымдастыруымен бүлдіршіндердің әндері мен билері тамашаланды. Соның ішінде «Шашу» аспаптар оркестр тобының ритмдік жаттығулар қойылымы және музыкалық аспаптар оркестрі қойылып, Биыл биі биленді. Кеш көңілдене түсіп Алдаберген Алаштың «Бақытты бала» әнімен аяқталды. Сонында «Бала Абай» көрермен ұстаздарға Абай ағамыздың хаты үлгісінде айлық жоспарын таратты.



<https://www.instagram.com/p/CyOSIBDN77B/?igsh=MWNmMzdrYW40ajZ0>

ОQ=

"ӘЖЕЛЕРДІҢ СӨЗІ-АҚЫЛДЫҢ КӨЗІ", "БҮГІНГІ БОЙЖЕТКЕН-ЕРТЕҢГІ АНА, КЕЛЕШЕК ӘЖЕ!" ТАҚЫРЫБЫНДА "СЫРҒАЛЫМ АНАЛАР" МЕКТЕБІНІҢ СҰХБАТ КЕШІ ӨТКІЗІЛДІ.

Қазаты ауданы, Әйтеке би кенті ✓276 орта мектебінің Ұйымдастырушы педагогы А.Алибаева, Қыздар ұйымының жетекшісі Қуанышбай Ақкербецдің ұйымдастыруымен «Әжелер сөзі – ақылдың көзі», «Бүгінгі бойжеткен – ертеңгі ана, келешек әже!» атты

"Сырғалым" аналар мектебінің жоспары аясында, "Асыл әжелермен" сұхбат кеші өткізілді. Сұхбат кешінде 2Б сынып жетекшісі Қанадбекова Жанардың оқушысы Мамбетов Азаматтың әжесі Мамбетова Дәмелі апайымыз құрақ көрпе қолөнер бұйымымен таныстырып, әрбір құрақтың мән-мағынасын ашып, жасалу жолдарын қызықты әңгімелеп берді және жастарға ерінбей еңбек ету керек екендігі туралы айтты. 4в сынып жетекшісі Кемелатин Назкенянін оқушысы Нұрғазы Нұрқанаттың әжесі Сәрсенбаева Зәмзәгүл апайымыз да сүт өнімінен жасалатын құрттың жасалу жолымен таныстырып, құрттың пайдасы туралы оқушыларға атап өтті. Кеш соңында "Асыл әжелер" мектебінің мүшесі Ахметова Ұлжан апайымыз біздің бойжетіп тұрған оқушыларымызға қыз әдебі туралы ақыл-кеңесін айтып, аналар мен әжелерімізді білім ошағындағы тәрбие саласына өз үлестерін қоса отырып, бірігіп жұмыс жасауға шақырды.



<https://www.instagram.com/p/CqHfLAAM8CV/?igsh=MXdxOTNtdXZxbmV2cA==>

"БОЛСАҢ АБАЙДАЙ БОЛ!" ТАҚЫРЫБЫНДА

АУДАНДЫҚ СЕМИНАР

Мектебімізде аудандық деңгейде «Абай Толық адам және Мен» жобасы аясында «Баллаурен» бастауыш пән бірлестігінің «Болсаң Абайдай бол!» АТТІ тақырыбында семинар өткізілді. Семинардың негізгі мақсаты – ұлдық педагогтердің іс-тәжірибесін насихаттау, заманауи әдістемелермен бөлісу және мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру болды. Іс-шараға аудан мектептерінен келген білікті ұстаздар, әдіскерлер, жас мамандар қатысты. Семинар барысында әртүрлі пән мұғалімдері ашық сабақтар мен шеберлік сағаттарын өткізді. Әсіресе, оқытуда оқушы белсенділігін арттыру, критериялды бағалау, сараланған тапсырмаларды қолдану, АКТ құралдарын тиімді пайдалану, оқушының зерттеу қабілетін дамыту сияқты өзекті мәселелер жан-жақты қарастырылды.

Семинар барысында «АБАЙ ТОЛЫҚ АДАМ және МЕН» жобасы аясындағы жоспарға сәйкес «Бала-Абай» айдарымен мектеп залының ашылу рәсімі болды, одан әрі оқушылар ұлы ақынның балалық шағынан бастап даналыққа дейінгі кезеңін шағын эпизодтармен суреттеді. Сонымен қатар мектеп мұғалімдері түрлі коучингтер мен шебер сыныптар өткізді.

Семинар қорытындысында «Болмасаңда, ұқсап бақ» тақырыбында шағын концерттік бағдарламада қатысушылар қойылым көріп, оқушылардан құрылған оркестрдің орындауындағы күй мен әнді тамашалады. Бастауыш пән мұғалімі Байдулдаева Лайланын «Абай мұрасы - ұрпаққа аманат» атты Жидебайдағы Абай мұражайына онлайн саяхатымен жалғасқан шара соңында аудандық білім бөлімінің әдіскері Шамшагова Гүлзат қорытынды сөз сөйлеп, мектеп ұжымына алғысын білдірді.



<https://www.facebook.com/share/v/1EaQtGzCAy/>

Күзгі каникул күндері мектептің іс-шарасына сәйкес мұғалімдерге әдістемелік тренинг

Күзгі каникул күндері мектептің іс-шарасына сәйкес мұғалімдерге әдістемелік көмек ретінде бастауыш пәнінің мұғалімдері Танабергенова Ақтуль, Құндуллаева Алтынайдың ұйымдастыруымен мектеп мұғалімдеріне «Әрбір жан өз бақытының шебері», "Өткел", "Күрделі шеңбер", "Біз біргеміз" атты тренинг жүргізілді.

Іс-шара барысында топпен, жұппен бөлісе жасап, басқа ұстаздарға үлгі болып, бір-біріне жақсы кеңіл-күй сыйлады. Іс-шара соңында мектеп директоры ЖҰМАШОВ МЕЙРАМБЕК МЫРЗАҒАЛІНҰЛЫ қорытындылап келер II шп оқу тоқсанға сәттілік тіледі.



2024-2025 оқу жылы бойынша:

«Жаңа білімге-жаңа көзқарас» атты айлық іс-шараның АШЫЛУЫ

«Жаңа білімге-жаңа көзқарас» атты айлық іс-шараның бастауыш пәндер бірлестігі айлығының ашылуы болып өтті.

Іс-шара басында мектеп директоры Жұмашов Мейрамбек Мырзағаліұлы сөз сөйлеп, айлық іс-шараға сәттілік тілеп, барлық әріптестер мен оқушыларды белсенді атсалысуға шақырды.

Іс-шара барысында бастауыш оқушыларынан құрылған әдеби монтаждары заманауи қойылымдары көрініс алды.



"Жаңа білімге-жаңа көзқарас" тақырыбы бойынша "Балдаурен" бастауыш бірлестігінің айлық жоспары аясында "Қазағымның салт-дәстүрі, Бесік жыры" тақырыбында ашық сабақ өтілді.

"Жаңа білімге-жаңа көзқарас" тақырыбы бойынша "Балдаурен" бастауыш бірлестігінің айлық жоспары аясында 4" А" сыныбында, сынып жетекшісі Байдулдаева Ләйланың ұйымдастыруымен әдебиеттік оқу пәнінен "Қазағымның салт-дәстүрі, Бесік жыры" тақырыбында ашық сабақ өтілді.

Сабақ Күләш Ахметова апамыздың өлең жолдарымен, психологиялық дайындықпен басталып, "Қошеметтер бұрқасыны" әдісімен топқа бөлінді. "Ашық микрофон" әдісі бойынша үй тапсырмасы қорытындыланды. М. Беспаевтың орындауымен "Бесік жыры" өлеңін бейнежазба арқылы тыңдап, жаңа сабақ тақырыбы ашылды. Салт - дәстүр туралы түсінік беріліп, түрлі әдістермен сабақ жалғасты. Сабақ соңында "Сахналық қойылым" әдісі бойынша оқушылармен бірге, қазағымның киелі бесігіне баланы бөлеп, "Бесік жырын" орындадық.



<https://www.instagram.com/p/DCXKrHV5Az3/?igsh=aXBydGVzd3UyNm9k>

"Мұғалімнің керемет жалған емес, бәрі шын, жақсы өтпейсің сабақты, болмаса егер әдісің" тақырыбында ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯ

"Мұғалімнің керемет жалған емес, бәрі шын, жақсы өтпейсің сабақты, болмаса егер әдісің" тақырыбында бастауыш сынып мұғалімдері Ербозова Бақыт, Жолдыбаева Гүлмира, Құрман Ақсұлу, Көшербаева Эльмираның ұйымдастыруымен педагогикалық идеялары ортаға салынып, іс-тәжірибемен бөлісті. Іс-шара барысында мұғалімдер өз пәндеріне қатысты педагогикалық идеяларын ұсынып, ортаға салынып, ұсыныстар мен пікірлер айтылып тыңдалды.



<https://www.instagram.com/p/CxG4ya0NXQC/?igsh=bXRud3ExYnd3eDBx>

2022-2023 оқу жылы бойынша:

"Білімді, өнерлі, дені сау ұрпақ — ел болашағы" АПТАЛЫҚТЫҢ АШЫЛУЫ

«Шеберлер» эстетикалық бағытындағы пән бірлестігінің апталық жоспарының тақырыбы: "Білімді, өнерлі, дені сау ұрпақ — ел болашағы" Аталмыш тақырыпта апталықтың ашылу салтанаты болып өтті. Апталықтың ашылуын мектеп директоры: М.Жұмашов құттықтау сөзбен ашып, бірлестік мүғалімдері мен оқушыларға сәттілік тілеп, жеңіс тұғырынан көрінген мүғалімдер мен оқушыларды марапаттады. Ашылу салтанатында оқушылар спорттық рух беретін әндер шырқады. Сонымен қатар, көркем еңбек пәніне байланысты қол өнер көрмесі өтті.



<https://www.facebook.com/share/v/1Sjv5DfFDJ/>

"Асық ойындарының шығу тарихы, асық ойының түрлері және ережелері" тақырыбында 6"А" сыныбына ашық сабақ өткізді

Қазалы ауданы Әйтеке би кенті №276 орта мектебінде 25 - қазан Республика күніне орай өтіп жатқан "Шеберлер" пәні бірлестігінің "Білімді, өнерлі, дені сау ұрпақ — ел болашағы" атты апталығы аясында Дене шынықтыру пәнінің мүғалімі Құрманбайұлы Ақжолдың ұйымдастыруымен "Асық ойындарының шығу тарихы, асық ойының түрлері және ережелері" тақырыбында 6"А" сыныбына ашық сабақ өткізді.

Мақсаты халқымыздың ұлттық ойындарының қалай қалыптасқандығы, оның атадан балаға, үлкеннен — кішіге мұра болып жалғасып отырғандығы туралы мағлұмат беру. Құндылықтарды дарытып тәрбиелеу.



<https://www.facebook.com/share/v/1BM6zuQ1WZ/>

«Жас сарбаз» командалық сайысын өткізді.

Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті №276 орта мектебінде 25-қазан Республика күніне орай «Шеберлер» бірлестігінің «Білімді, өнерлі, дені сау ұрпақ - ел болашағы» атты апталық аясында АӨТД жетекшісі Сәрсенбаев Русланның ұйымдастырумен оқушылар арасында «Жас сарбаз» командалық сайысын өткізді.

Сайыс қорытындысы бойынша

I-Орын Алаш командас

II-Орын Қыран командасы

III-Сұңқар командасы ие болды.



<https://www.facebook.com/share/p/1MjSoe2jnS/>

«"Абай шығармалары" тақырыбында сурет байқауы өткізілді.

Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті №276 орта мектебінде 25-қазан Республика күніне орай "Білімді, өнерлі, дені сау ұрпақ - ел болашағы" тақырыбында "Шеберлер" пән бірлестігінің апталығы аясында "Көркем еңбек" пәнінің мұғалімі Арзы Азанның ұйымдастыруымен ұстаздар арасында "Абай шығармалары" тақырыбында сурет байқауы өткізілді.



<https://www.facebook.com/share/v/1AotofarBr/>

"Көңілді старт" эстафеталық жарысы өтті

25 қазан Республика күніне орай "Білімді, өнерлі, дені сау ұрпақ - ел болашағы" тақырыбында "Шеберлер" пән бірлестігінің апталығы аясында ұстаздар арасында "Көңілді старт" эстафеталық жарысы өтті.

Жарыс қорытындысы бойынша:

1 орын Эверест (математика, информатика, химия, биология, физика) бірлестігі

2 орын Балдәурен (бастауыш сыныптар) бірлестігі

3 орын Лингвист (қазақ тілі, орыс тілі, шет тілі) бірлестігі иемденді!!!



<https://www.facebook.com/share/v/1FAmSQJMpE/>

Гандболдан ашық үйірме сабағын өтті

25-қазан Республика күніне орай "Білімді, өнерлі, дені сау ұрпақ - ел болашағы" тақырыбында "Шеберлер" пән бірлестігінің апталығы аясында Жұбатқан Нуркен Болатұлы гандболдан ашық үйірме сабағын өтті.



<https://www.facebook.com/share/v/167GYCTTgU/>

"Қозғалмалы ойындар дене шынықтырудың компоненті ретінде" ашық сабақ өткізілді.

"Білімді, өнерлі, дені сау ұрпақ-ел болашағы" атты апталығы аясында 25-қазан Республика күніне орай Каннева Таншолпанның ұйымдастыруымен "Қозғалмалы ойындар дене шынықтырудың компоненті ретінде" атты 4В сыныбымен ашық сабақ өткізілді. Ашық сабақ барысында оқушыларды қозғалмалы ойындардың техникаларымен таныстыра отырып, түрлі қозғалмалы ойындар ойнатылды.



<https://www.facebook.com/share/p/1E9ViqEzim/>

2023-2024 оқу жылы бойынша:

«ҚЫС ҚЫЗЫҒЫ - СЫРҒАНАҚ 2024» АЙЛЫҚ ІС-ШАРАНЫҢ АШЫЛУЫ

"Шеберлер" бірлестігінің айлық іс шарасының ашылу салтанатына орай 7-8 сынып оқушылары арасында ІІІ-дәстүрлі "Қыс қызығы-сырғанақ 2024" қысқы эстафеталық ойындары болып өтті.



<https://www.facebook.com/share/v/1EnFdXfsja/>

«ЖҰЛДЫЗДЫ ШЕРУ-2023» САЛТАНАТТЫ ЖИНЫЫ ӨТКІЗІЛДІ

Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті №276 орта мектеп «Білімді жастар – ел болашағы» тақырыбында 2023-2024 оқу жылының І жарты жылдығындағы республикалық, облыстық, аудандық түрлі іс-шараларда жүлделі орындарға ие болған оқушылар арасында «Жұлдызды шеру-2023» салтанатты жиыны өткізілді.

Іс-шарада Мемлекеттік Гимн орындалып, мектеп директоры Жұмашов Мейрамбек Мырзағалиұлы құттықтау сөз сөйлеп, жыл бойына спорттан, өнерден, білім бәйгесінде топ жарған оқушыларды марапаттады.

2023 жылдың қорытындысымен 7 сынып оқушысы Тәнірберген Самұрат пен 8 сынып оқушысы Орымбай Бибарысқа Асық атудан «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СПОРТ ШЕБЕРІНЕ КАНДИДАТ» куәлігі табыс етілді.



<https://www.facebook.com/share/v/1JKcybyLTP/>

2024-2025 оқу жылы бойынша:

"САЛАУАТТЫ ҰРПАҚ - ҰЛТ БОЛАШАҒЫ" АТТЫ АЙЛЫҚ ІС-ШАРАНЫҢ АШЫЛУЫ

Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті №276 орта мектеп "Шебер" эстетикалық пәндер бірлестігінің "Салауатты ұрпақ - Ұлт болашағы" тақырыбындағы онкүндігінің ашылу салтанатты жиыны өткізілді.

Іс шара барысында құндылықтарға негізделген көрме көрсетіліп, онкүндік аясында жасалатын жұмыстар көрсетіп таныстырылды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Құлметов, оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Аймишова құттықтау сөз сөйлеп, апталықтарына сәттілік тілеп, барлық ұстаздар қауымын онкүндік аясында жасалатын жұмыстарға белсене қатысуға шақырды.

Іс-шара соңында жарыстарға жоғары белсене атсалысқан аудан, облыс, республика жеңімпаздарының марапаты табыс етілді.



https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid02MNrJWL0UGMDZsLSxfVMqVyx4NuFtYZp59dCbRNQkXrtZPZWwMrZzX4hSzSZzsTqcl&id=100028445863130

"Эстафеталық" ойындар өткізілді.

Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті №276 орта мектеп Шебер" эстетикалық пәндер бірлестігінің "Салауатты ұрпақ - Ұлт болашағы" аясында дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Жанібек Әмірхан І "Б" сыныптармен "Эстафеталық" ойындар өткізді.

Мақсат: Оқушыларды бірлесіп жұмыс істеуге ынталандыру. Жылдамдық шапшаңдық және икемділік дағдыларын дамыту. Денсаулықты нығайту және физикалық белсенділікті арттыру. Оқушылардың бір-бірімен ынтымақтастық орнатуына көмектесу. Ойындар арқылы ережелерді сақтау және әділдікке тәрбиелеу.



https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid0KFLNb7TRsYadu2T9zkZJCKs7mWGEMfTL8rHtxadrlm3CvHMrKKz4NQBEPKu343oBl&id=100028445863130

"ЖЕҢІЛ ӘДІСПЕН СУРЕТ САЛУ" ШЕБЕР СЫНЫБЫ ӨТКІЗІЛДІ.

- ✓ Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті №276 орта мектеп Шебер" эстетикалық пәндер бірлестігінің "Салауатты ұрпақ - Ұлт болашағы" айлық жоспары аясында Көркем еңбек пәнінің мұғалімі Арлы Аяниын ұйымдастыруымен "Жеңіл әдіспен сурет салу" тақырыбында шебер сыныбы өткізілді.
- ✓ Мақсаты: қатысушыларға сурет салудың қарапайым және қолжетімді тәсілдерін үйретіп, сенімділіктерін арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

- ✓ Ис-шара сонында Амангелді Зейін оқушымыздың әжесі Қайберген Бақыт ұйымдастырушы Аян ағайымыздың жұмысына сәттілік тілеп, оқушыларымыздың грант иегері болсын, ұстаздарымызға шығармашылық табыс тілеймін деп өз алғысын білдірді.



<https://www.facebook.com/share/v/1ZJZXoiZe9/>

"ҮСТЕЛ ТЕНИСІНЕН" ЖАРЫС ӨТКІЗІЛДІ

Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті №276 орта мектеп Шебер" эстетикалық пәндер бірлестігінің "Салауатты ұрпақ - Ұлт болашағы" аясында дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Жанабек Әмірхан мектепшілік қызметкерлер арасында "Үстел тенісінен" жарыс өткізді.

Мақсаты: Салауатты өмір салтын насихаттау – қызметкерлердің денсаулығын нығайтып, спортқа деген қызығушылығын арттыру. Әріптестер арасында достық қарым-қатынасты нығайту, командалық рухты дамыту.

Жарыс барысында қызықтыда тартысты болды. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Құламетов жүлделі орынға ие болған әріптестерімізді мектеп директорының дипломымен марапаттады.



<https://www.facebook.com/share/p/1ETexNmWSN//>

ҰСТАЗДАР МЕН ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДА ВОЛЕЙБОЛДАН ЖАРЫС ӨТКІЗІЛДІ.

Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті №276 орта мектеп Шебер" эстетикалық пәндер бірлестігінің "Салауатты ұрпақ - Ұлт болашағы" атты онкүндік аясында Мектеп парламентімен дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің ұйымдастырумен ұстаздар мен оқушылар арасында "Волейболдан" жарыс өткізді.



<https://www.facebook.com/share/v/1Ec4n5fmwa/>

"БАЛА ҮНІ - БАЛА ҮНІ" ТАҚЫРЫБЫНДА БАЛАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШІ ӨТКІЗІЛДІ.

Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті №276 орта мектеп "Шебер" эстетикалық пәндер бірлестігінің "Салауатты ұрпақ - Ұлт болашағы" атты онкүндік апталығы аясында Музыка пәнінің мұғалімі Тілеуберген Эльмира Русланқызының ұйымдастыруымен "Бала үні - бал үні" тақырыбында 5-6 сынып оқушылар арасында балалар шығармашылық концерті өткізілді.



<https://www.facebook.com/share/v/1D3gKDUaRf/>

"ЭЛЕКТР ҚУАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨЗДЕРІ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР" ТАҚЫРЫБЫНДА АШЫҚ САБАҚ ӨТКІЗІЛДІ"

Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті №276 орта мектеп "Шебер" эстетикалық пәндер бірлестігінің "Салауатты ұрпақ - Ұлт болашағы" онкүндік аясында аясында Көркем еңбек пәнінің мұғалімі Арзы Аяның ұйымдастыруымен 5 "Б" сыныбына "Электр қуатының негізгі көздері туралы жалпы мәліметтер" тақырыбында ашық сабақ өткізілді.

Мақсаты:

1. Электр қуаты көздерінің жұмыс істеу принципін қарапайым мысалдар арқылы түсіндіру.
2. Электр қуатының пайда болу жолын сызба немесе сурет арқылы көрсету.
3. Қоршаған ортаны қорғауда электр қуатының үнемделуінің рөлін түсіну.
4. Электр қуатына байланысты жаңа терминдерді меңгеру және күнделікті өмірде қолдану.



<https://www.facebook.com/share/v/1QJHLLanTQ/>

"МЕНИҢ ҚОЛЫМНАН БӘРІ КЕЛЕДІ" ТАҚЫРЫБЫНДА Team Building ӨТКІЗІЛДІ.

Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті №276 орта мектеп "Шеберлер" эстетикалық пәндер бірлестігінің онкүндігінің аясында өткен "Менің қолымнан бәрi келеді" тақырыбындағы Team Building өткізілді.

«Менің қолымнан бәрi келеді» тимбилдингінің басты мақсаты – қатысушылардың бойында өз-өзіне деген сенімділікті арттыру, бір-біріне қолдау көрсетіп, командалық жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Бұл шара арқылы қатысушылар бірлесе әрекет етуді, кедергілерден қорықпай алға ұмтылуды, мақсатқа жету жолында табандылық танытуды үйренеді. Сонымен қатар, әр адам өз әлеуетін ашып, «менің қолымнан бәрi келеді» деген сенімділікке ие болады.



<https://www.facebook.com/share/v/1MNfQgm3q/>

"АНА КӨРКІ - ИБАЛЫ ҚЫЗ" ТАҚЫРЫБЫНДА САЙЫС ӨТКІЗІЛДІ.

Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті №276 орта мектеп "Шеберлер" эстетикалық пәндер бірлестігінің онкүндігінің аясында Көркем еңбек пәнінің мұғалімі Мұратбаева Ләззат Нұрмаханқызының ұйымдастыруымен 5-6 сынып оқушылары арасында "Ана көркі- ибалы қыз" тақырыбындағы сайыс өткізілді.

Мақсаты: Қазақ халқының ұлттық құндылықтарын, салт-дәстүрін дәріптеу. Қыз балалардың инабаттылыққа, ибалыққа, әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиеленуіне ықпал ету. Қыздардың өнерін, білімін, сөйлеу мәдениетін, қолөнерге бейімділігін көрсету. Қыз бала тәрбиесіне қоғам назарын аудару, олардың тұлғалық қасиеттерін дамытуға қолдау көрсету. Отбасына, ата-анаға, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру.

Сайыс IV кезеңнен болды:

1. «Мен қазақтың қызымын» таныстыру
(қатысушылар өздерін осы сөзбен, өлеңмен, әнмен таныстырады)
2. «Қыз еркем – кестесімен көркем»
(Әр қыз анасымен өзінің қолынан келетін бір ісмертік өнерін көрсетеді)
3. «Қызды тәрбиелеген – ұлтты тәрбиелейді» Сұрақ - жауап
(Қыз бала тәрбиесіне байланысты даналық сөздердің мағынасын ашу аналарына, қатысушы қыз балаларға бір-бір сұрақтан қойылады)
4. «Өнер»
(Ән айту, би билеу, құй тарту)

Іс-шара соңында Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Құламетов белсене қатысқан ата-аналармен оқушыларға алғысын білдіріп, мектеп директорының дипломы, бағалы сыйлықтар табыс етті.



<https://www.facebook.com/share/v/17KBQhvP3Y/>

"МЕРГЕН ҰСТАЗ-276" САЙЫСЫ ӨТКІЗІЛДІ

Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті №276 орта мектеп "Шебер" эстетикалық пәндер бірлестігінің он күндік жоспары аясында "Ұлы жеңістің 80 жылдығына орай" Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні жетекшісі Сәрсенбай Русланның ұйымдастыруымен, "МЕРГЕН ҰСТАЗ 276" ұстаздар арасында сайысы өткізілді.

Сайыстың мақсаты:

1. Отан үшін жанын қиған ерлердің ерлігін дәріптеу, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру.
2. Мұғалімдердің мергендік қабілетін, ептілігін, шапшаңдығын және төзімділігін дамыту.
3. Ұлы Жеңіс күнін ұлықтап, тарихи сананы жаңғырту.
4. Ұжым ішінде ынтымақтастықты арттыру және салауатты өмір салтын насихаттау.
5. Ұстаз беделін көтеру және шығармашылыққа баулу.



<https://www.facebook.com/share/v/16yJSEena3/>

"ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ" ТАҚЫРЫБЫНДА АШЫҚ САБАҚ ӨТКІЗІЛДІ

2025 жылдың 16 сәуір күні Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті №276 орта мектеп "Шебер" эстетикалық пәндер бірлестігінің "Салауатты ұрпақ - Ұлт болашағы" онкүндігі аясында Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі Каниева Таңшолпан Шаралатықызының "Қазақтың ұлттық ойындары" тақырыбында 6 "А" сыныбына ашық сабағы өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға ұлттық құндылықтарды насихаттау Қазақ ұлттық ойындарына балама нұсқа ойындарын ұйымдастыру арқылы ой өрісін дамыту Қолайлы оқу ортасын құру басқалармен тиімді жұмыс дағдысын таңдау және пайдалану.



<https://www.facebook.com/100028445863130/videos/697884559340832/>

"ФУТБОЛДОПТЫ КЕДЕРГІЛЕР АРАСЫМЕН АЛЫП ЖҰРУ, ПАС БЕРУ ӨДІСТЕРІ" ТАҚЫРЫБЫНДА АШЫҚ САБАҚ ӨТКІЗІЛДІ

Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті №276 орта мектеп "Шебер" эстетикалық пәндер бірлестігінің "Салауатты ұрпақ - Ұлт болашағы" онкүндігі аясында Дене тәрбиесі пәнінің

мұғалім Құрманбайұлы Ақжол "Футбол Допты кедергілер арасымен алып жүру,пас беру әдістері" тақырыбында 8 "А" сыныбына ашық сабағы өткізілді.

Сабақтың мақсаты:

1.Оқушыларға футбол ойынының негізгі әдіс-тәсілдерін, атап айтқанда — допты алып жүру мен пас беру жолдарын үйрету, оларды дұрыс әрі тиімді орындауға баулу.

2.Оқушылардың қозғалыс координациясын, жылдамдық пен икемділікті дамыту. Топпен жұмыс істеу, дәлдік пен ептілікті жетілдіру.

3.Оқушыларды спортқа деген қызығушылыққа тәрбиелеу, ұжыммен бірлесіп жұмыс істеуге, тәртіпке, мақсатқа жетуге ынталандыру.



<https://www.facebook.com/share/v/1A2vhUYbzw/>

"ҮСТЕЛ ТЕННИСІНЕН" ЖАРЫС ӨТКІЗІЛДІ.

Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті №276 орта мектебінде «Шебер» эстетикалық пәндер бірлестігінің «Салауатты ұрпақ-ұлт болашағы» онкүндігі аясында дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Жанабек Әмірхан ұлының ұйымдастырумен 5-7 сыныптар арасында «Үстел теннисінен» жарыс болып өтті.

Жарыстың мақсаты:

1. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың, тәртіп бұзудың алдын алу;

2. Оқушыларды спорт арқылы мәдениетшілікке, тәртіпке, өз-өзіне сенімділікке тәрбиелеу;

3. Үстел теннисі арқылы оқушылардың денсаулығын нығайту және дене шынықтыруға баулу;

4. Бос уақытты пайдалы әрі тиімді өткізуді ұйымдастыру;

5. Қарым-қатынас жасау қабілетін арттырып, мектепшілік достықты, ынтымақтастықты нығайту.



<https://www.facebook.com/share/p/17Mi9s6NPU/>

ПӘН АПТАЛЫҚТАР

2022-2023 оқу жылы бойынша

"ҒЫЛЫМҒА КӨҢІЛ БӨЛСЕНІЗ..."

Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті ✓ 276 орта мектебінде жаратылыстану- математика пән бірлестігінің "Ғылымға көңіл бөлсеңіз..." атты онкүндігінің ашылуы болып өтті. Барлығымызға белгілі,қазіргі таңда ғылым мен технологияны дамытуға бүкіл әлем күш салып,әр ел заманауи ғасырды одан әрі дамытуға үлес қосуда.

Математика, физика, химия, биология, информатика пәндері қиықтырылған бұл бірлестіктің ашылу салтанаты оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын оятумен басталды. Химия, физика пәндерінен қысқа уақытты қамтитын лабораториялық тәжірибелер жасатынса, 3- сынып оқушыларынан құралған биші қыздар тобы робот биін биеді. Сонымен қатар аталмыш пәндерге арналған көрмелер көрсетіліп алдағы онкүндікке бағытталған бағдарлама таныстырылды. Алдағы онкүндікті ашып беру үшін мектеп директоры М.Жумапов ағай сөз сөйлеп, оқушылар мен мұғалімдерге сәттілік тіледі.



"Тапқырлар тартысы" атты интеллектуалдық сайыс

Математика пәнінің мұғалімі Құнанбайұлы Абайдың ұйымдастыруымен 10 сынып оқушылары арасында "Тапқырлар тартысы" атты интеллектуалдық сайыс болып өтті. Сайыс 3 кезеңнен тұрды. 1-кезең Таныстыру, 2-кезең Сұрақ-жауап

3-кезең Идеялар алаңы деп аталды. Сайыс барысында оқушылар жаратылыстану пәндері бойынша сұрақтарға жауап берді және мамандықтар бойынша өз идеяларын айтып ортаға салды. Сайыс нәтижесінде "Архимед" тобы 1 орын, "Период" тобы 2 орын, "Вектор" тобы 3 орынды иеленіп оқушылар марапатталды.



<https://www.facebook.com/share/p/16uTXuc6qY/>

"Жаратылыстану пәндерінде STEM технологиясын пайдалану" коучинг сабақ

"Жаратылыстану пәндерінде STEM технологиясын пайдалану" деп аталған бұл сабақ кубиктермен топқа бөлініп, Абайдың өлеңдерін айтумен басталды. Физика пәнінің мұғалімі Қаламбай Назерке STEM білім берудің мақсатын, маңызын атап шықты. Ары қарай топтарға тапсырмалар беріліп жүк жемесінің моделін құрастырып іс-тәжірибе жасады. Тәжірибеде мұғалімдердің шығармашылық қабілеттері шыңдалды. Коучинг соңында мұғалімдерден кері байланыс алынды.



"Сен де бір кірпіш дүниеге..."

"Сен де бір кірпіш дүниеге ..." атты авторлық бағдарлама мен әдістемелік құралдарды жазу бойынша бірлестік мүшелері өз тәжірибелерімен бөлісіп, бағидама оқылды. Мұғалімдер арасында Авторлық пен әдістемелік құралдарды жазу барысында ұсыныстар мен пікірлер алмасты. Ары қарай мұғалімдер арасында "Жасымда ғылым бар деп ескермедім..." атты дебат турнирі өтті. Қоғамда қызу талқыда жүрген өзекті мәселелер турасында қызықты әрі тартысты пікірталастар жүргізді. Қатысушы ұстаздар

жүлделі орындармен марапатталды 1 орын: Қарақұл Олжас пен Тілектес Ғазиза. 2 орын: Сәрсенбай Руслан мен Арзы Аян. 3ші орынды: Әбішев Бекжан мен Сейілхан Жансая иеленді. Пікірталас соңында пікірталас туралы қорытынды сөз мектеп директоры Жумашиев Мейрамбек ағайға берілді.



«Шығармашыл мұғалімнің бір күні»

Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті №276 орта мектепте 2 ақпанда жаратылыстану - математика пәндерінің онкүндігінде математика пәнінің мұғалімі Төлепберген Құдайберген «Шығармашыл мұғалімнің бір күні» өткізді. Танертен 6 «А» сыныбына «Сан аралықтары. Сан аралықтарының қылысуы және бірігуі» атты тақырыпта ашық сабақ өткізді. Сабақ барысында оқушылар белсенділік көрсетті. Топпен және жеке тапсырмалар орындап бағаланды. Сабақ соңында оқушылардан «Еркін микрофон» әдісімен кері байланыс алынды. 5 сыныптар арасында «Білімді мыңды жығар» атты сайыспен жалғасты. Оқушылар математика пәні бойынша бақтарын сынады. Сайыс 3 кезеңнен тұрды. Аз балл алған оқушылар әр кезеңде сайыстан шығып отырды. Ақтық мәреде жүзден жүйрік шыққан 4 оқушы ой жарыстырып есеп шығарып нәтижесінде 5 «Б» сынып оқушысы Елтаева Айзере 1 орынды жеңіп алды. Күннің екінші жартысында «БЖБ ТЖБ тапсырмаларын құрастыру» атауымен семинар өткізді. Семинар басында мұғалімдер «Жиынтық тапсырмаларды құрастыруда нені басшылыққа алу керек?» деген сұрақ бойынша постер қорғады. Құдайберген мұғалімдердің постеріне толықтырулар енгізіп, жиынтық тапсырмаларды құрастыруда басшылыққа алатын негізгі кезеңдерді атап айтып, кейбір ескерілмей кететін тұстарды көрсетті. Семинардан соң шығармашылық күннің қорытынды кеші болып өтті. Кеш жетістіктер көрмесімен басталды. Ары қарай таныстырылым видеосымен және қысқаша өз шығармашылығын бөлісумен жалғасты. Кеш барысында Мұратбаев ауылдық округіндегі мектепте тәлімгер Нұрқасым Елнұр өз тілектерін Арнау арқылы жеткізді. Мектеп директоры Жумашиев Мейрамбек ағай қорытынды сөз сөйлеп шығармашыл мұғалімге болашақта тек биіктерге көрінуіне, шығармашылық табыстарға жетуіне тілекші екендігін білдірді.



" Мұғалімнің керемет жалған емес бәрі шын, Сабақты жақсы өтпейсін болмаса егер әдісін" атты педагогикалық идеялар

Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті №276 орта мектептің жаратылыстану -математика пәндерінің онкүндігінің жетінші күнінде " Мұғалімнің керемет жалған емес бәрі шын, Сабақты жақсы өтпейсін болмаса егер әдісін" атты педагогикалық идеялар өткізілді. Іс-шара барысында мұғалімдер өз пәндеріне қатысты педагогикалық идеяларын ұсынып бөлісті. Мұғалімдер тарапынан ұсыныстар мен пікірлер айтылып тыңдалды.



№276 мектепте жаратылыстану-математика пәндер бірлестігінің жабылуы "Абай Толық адам және мен" - атты кезекті іс-шарасын өткізу арқылы жабылды. Іс-шара кішігірім интеллектуалды ойын форматында ұйымдастырылды. Онкүндіктің жабылуын тамашалауға келген қонақ мұғалімдер үш топқа бөлініп, 3 турдан тұратын сайысқа белсене қатысты. Алдымен әр топқа берілген құрастырмалы қағаздарды құрастырып өздерінің топ атауларымен және ұстанымдарын нақтылап алды. 1-ші топ "Жылы жүрек", 2-ші топ "Нұрлы ақыл", 3-ші топ "Ыстық қайрат" болып аталды. Ойын үш кезеңнен тұрды. 1- кезең "Нұрлы ақыл" кезеңінде жаратылыстану пәндерінен тұратын жалпыға ортақ сұрақтардан құралған ұяшықтарды таңдау арқылы, 2 кезең жеребе арқылы үш топқа Абай шығармаларынан тапсырмалар беру арқылы, 3- кезең "Жылы жүрек" кезеңінде топтар бір-біріне жылы лебіздерін білдіру арқылы жалғасты. Әрбір кезең ұпайлармен бағаланып, сайыс қорытындысы әр топтың өз қоржындарының ұпай нәтижелері арқылы бағаланды. Нәтижесінде екі топтың нәтижесі тең түсіп "Жылы жүрек" пен " Ыстық қайрат" топтары 1-ші орын, ал "Нұрлы ақыл" тобы 2-ші орын иеленді. Келесі кезек осы онкүндікте белсене қатысқан мұғалімдерді марапаттау арқылы жалғасты. Әр бірлестіктен белсене қатысқан бір мұғалімнен таңдалып Алғыс хат берілді. Онкүндіктің жабытуы аясында мектеп директоры Жұмашов Мейрамбек ағай сөз сөйлеп бірлестік мүшелеріне алғысын білдіріп, әрі қарайғы күндерге сәттілік тіледі.



2023-2024 оқу жылы бойынша

ҒЫЛЫМҒА КӨҢІЛ БӨЛСЕНІЗ

“Эврика” жаратылыстану-математика пәндер бірлестігінің жоспарына сәйкес 08-26 сәуір аралығында “Ғылымға көңіл бөлсеңіз” тақырыбында айтықтың ашылуы өткізілді. Айтықтың ашылу барысында қызықты логикалық сұрақтарға жауап беріп, барлық пән мұғалімдері өткізілетін іс-шараларына қысқаша қызықты таныстырылымдар жасалды.

★**Мақсаты:**

✓Білім алушыларға жаратылыстану-математика пәндерінде терең білім беру арқылы оларды заманауи технологиялар мен ғылыми зерттеулердің жетістіктерімен таныстыру.
✓Жас буынның жоғары технологиялар мен инновациялар саласына деген қызығушылығын ояту.

Айтық аясында:

- ашық сабақтар;
- шеберлік сыныптар;
- зертханалық жұмыстар;
- көңілді үзілістер;
- практикалық жұмыстар;
- интеллектуалдық сайыстар жүргізілетін болады.

Айтықтың ашылу соңында мектебіміздің директоры Жумашов Мейрамбек Мырзағалиұлы сөз сөйлеп алдағы уақытта өткізілетін іс-шараларға белсене қатысуға шақырып, сәттілік тіледі.

Мектеп ұжымы мен оқушыларымызды айтық іс-шараларымызда белсенді болуға шақырамыз. Бәріміз бірге қызықты ғылымдардың құпиясын ашайық!

<https://www.facebook.com/share/v/17CN9trbLX/>



«ЖАҚСЫДАН ҚАШПА, ЖАМАНҒА БАСПА...» ИНТЕРНЕТТЕГІ ТӘУЕЛДІЛІК ПЕН ОЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ТАҚЫРЫБЫНДА ТРЕНИНГ ӨТКІЗІЛДІ

Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті №276 орта мектеп Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспарына сәйкес Информатика пәні мұғалімі Құрбанова Жансаяның ұйымдастыруымен ата-аналармен «ИНТЕРНЕТТЕГІ ТӘУЕЛДІЛІК ПЕН ОЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ» тақырыбында тренинг өткізілді.

Мақсаты: ата-аналарды балалардың Интернеттегі және әлеуметтік желілердегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиімді жұмыстың шарттарымен, әдістерімен таныстыру.

Ата-аналарға Интернеттің негізгі қауіптері мен жоғары сынып оқушыларындағы «Интернетке тәуелділік» түсінігі таныстырылды.

<https://www.facebook.com/share/p/172/jzPQNY1/>



«КІМ ТАҢҚЫР» МАТЕМАТИКАЛЫҚ САЙЫСЫ

№276 орта мектепте математика пәнінің мұғалімі Құнанбайұлы Абайдың ұйымдастыруымен 5 сынып оқушыларына "Кім тапқыр" математикалық сайысы өткізілді. Сайыстың мақсаты: оқушылардың математикаға қызығушылығын, ынтасын, зейінін, алған білімдерін тереңдету. Сайыс 6 кезеңнен тұрады. Олар:

1. "Миға шабуыл"
2. "Кім тапқыр?"
3. "Математикалық жұмбақ"
4. "Ойлан тап"
5. "Білім тірегін"
6. "Кім жыңдам?"

Сайыстың нәтижесі бойынша 5 сынып оқушылары жоғары ұпай жинап, марапатталды.
<https://www.facebook.com/share/p/1Ad9GAJ4Up/>



№276 орта мектептің бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасары Н.Тұяқбаева мен 7"а" сынып жетекшісі Ө.Дүзелбайқызының ұйымдастыруымен "Мен таңдаған мамандық" тақырыбында эссе жазылды. Эссе нәтижесі бойынша: дәрігер мамандығын-9 оқушы, спорт мамандығын-8 оқушы, мұғалімдік мамандығын-7 оқушы және теміржол мамандығы бойынша-2 оқушы мамандық таңдады.

<https://www.facebook.com/share/p/1DCcs8cyWW/?mibextid=wwXlfi>



2024-2025 оқу жылы бойынша

"ЦИФРЛЫҚ ӘЛЕМГЕ-КЕМЕЛ БІЛІММЕН DIGITALIZATION"

"Эврика" жаратылыстану-математика пәндер бірлестігінің жоспарына сәйкес 04-28 ақпан аралығында "Цифрлық әлемге - кемел біліммен Digitalization" тақырыбында айлық өткізіледі. 04 ақпан күні айлықтың ашыту барысында қызықты логикалық сұрақтарға жауап беріп, барлық пән мұғалімдері өткізетін іс-шараларына қысқаша қызықты таныстырылымдар жасалды.

Мақсаты:

Білім алушыларға жаратылыстану-математика пәндерінде терең білім беру арқылы оларды заманауи технологиялар мен ғылыми зерттеулердің жетістіктерімен таныстыру;

Жас буынның жоғары технологиялар мен инновациялар саласына деген қызығушылығын ояту.

Айлық аясында:

- ашық сабақтар;
- шеберлік сыныптар;
- зертханалық жұмыстар;
- көңілді үзілістер;
- практикалық жұмыстар;
- интеллектуалдық сайыстар жүргізілді.

Айлықтың ашылу соңында мектебіміздің директоры Жумашиев Мейрамбек Мырзағалиұлы сөз сөйлеп алдағы уақытта өткізілетін іс-шараларға белсене қатысуға шақырып, сәттілік тіледі.



КӨНІЛДІ ҮЗІЛІС

Жаратылыстану математика пәндер бірлестігінің айлығының аясында, химия пәнінің мұғалімі Тағыбергенов娜 Эльмираның ұйымдастыруымен "Көңілді үзіліс" болып өтті. Үлкен қонырауда оқушылар, арнайы дайындалған ойындарды ойнап және сұрақтарға жауап беріп, сыйлықтарын алды. Бұл көңілді үзіліс апталарда да жалғасын табады.

<https://www.facebook.com/share/p/17M93fmTNY/>



КӨНІЛДІ ҮЗІЛІС

Жаратылыстану математика пәндер бірлестігінің айлығының аясында, биология пәнінің мұғалімі Дүзелбайқызы Әселдің ұйымдастыруымен "Көңілді үзіліс" болып өтті. Үлкен қонырауда оқушылар, арнайы дайындалған ойындарды ойнап және сұрақтарға жауап беріп, сыйлықтарын алды. Бұл көңілді үзіліс әр апталарда жалғасын табады.



<https://www.facebook.com/share/v/1D99qEuRYT/>

ЖАС ХИМИК ТАҚЫРЫБЫНДА САЙЫС САБАҚ ӨТКІЗІЛДІ

Қызылорда облысы, Қазалы ауданының білім бөлімінің №276 орта мектебінде химия пәнінің мұғалімі Тағыбергенов娜 Эльмира "Жас химик" тақырыбында 7-ші сыныптар арасында сайыс сабақ өтті.

Сабақтың түрі: Сайыс сабақ

Мақсаты:

• Оқушылардың химия бойынша білімдерін бекіту және тереңдету.

1. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

2. Топтық жұмыс арқылы ынтымақтастықты қалыптастыру.

3. Шығармашылық және ізденімпаздық қабілеттерін арттыру.

Сабақтың барысы:

• Ұйымдастыру кезеңі

• Оқушыларды сайыс шарттарымен таныстыру

• Топтарға бөлу

• Негізгі бөлім

• Бірнеше кезеңнен тұратын тапсырмалар (викторина, тест, практикалық жұмыс, есептер шығару, шығармашылық тапсырма)

• Әр кезең бойынша әділқазылар алқасы немесе мұғалім бағалау жүргізеді

• Қорытынды бөлім

• Жеңімпаздарды анықтау

• Қатысушыларды марапаттау

<https://www.facebook.com/share/p/19P6GcPwh/>



“ЖАС МАТЕМАТИК” атты интеллектуалды сайыс сабақ өткізілді.

Қызылорда облысы, Қазаты ауданының білім бөлімінің №276 орта мектебінде математика пәнінің мұғалімі Төлепберген Құдайберген “Жас математик” атты 5 сыныптар арасында интеллектуалды сайыс сабақ өтті.

Сабақтың мақсаты:

-Оқушылардың математикалық білім қабілеттерін тексеру, алған білімдерін пысықтау.

-Мұндағы сұрақ - жауаптар, логикалық есептер, математикалық жұмбақтарды шешу арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

-Пәнге қызығушылығын арттыру. Оқушылардың өз ойын еркін айта білуге қалыптастыру.

Оқушыларды өз білімдерін шыңдауға, білгендерін нақты дәлелдермен жеткізе білуге тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: Интеллектуалды сайыс сабақ.

Сабақтың барысы:

• Ұйымдастыру кезеңі

• Қатысушыларды сайыс шарттарымен таныстыру

• I бөлім – «Сұрақ - жауап»

• II бөлім - «Тапқыр болсаң, тауып көр»

• III бөлім - «4 сурет 1 сөз»

• IV бөлім – Есеп шығару

• Әр кезең бойынша әділқазылар алқасы бағалау жүргізіп отырды.

• Қорытынды шешім шығарылып оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/v/16Bj5GqvLj/>



"КӨҢІЛДІ СТАРТ" атты интеллектуалды сайыс өткізілді.

Қызылорда облысы, Қазалы ауданының білім бөлімінің №276 орта мектебінде биология пәнінің мұғалімдері Кульжанова Алтыншаш пен Дүзелбайқызы Әселдің ұйымдастыруымен "Көңілді старт" атты 7 сыныптар арасында интеллектуалды сайыс өтті.

Сабақтың түрі: Интеллектуалды сайыс

Мақсаты: * Оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып, биология пәнінен алған білімдерін өмірде, тұрмыста қолдана біту дағдысын қалыптастыру. Алған білімдерін дамыту, тұрмыста, еңбекте, өмірде қолдану.

Оқушыларды адамгершілікке, шеберлікке, сөз сөйлеу мәнеріне, жылдамдыққа, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу

Сабақтың барысы:

- Ұйымдастыру кезеңі
- Қатысушыларды сайыс шарттарымен таныстыру

I бөлім: "Таныстырылым"

II бөлім: "Викторина"

III бөлім: "Сиқырлы ұяшықтар"

IV бөлім: "Сәйкестендір"

V бөлім: "Тәжірибе"

VI бөлім: "Ой қозғау"

- Әр кезең бойынша әділқазылар алқасы бағалау жүргізіп отырды.

Қорытынды шешім шығарылып оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды

<https://www.facebook.com/share/y1BL.Ehicy4y>



"ҚАЛАЙ ВИЗИТ КАРТАСЫН ЖӘНЕ ChatGPT МӘНГІ ТЕГІН ПАЙДАЛАНАМЫЗ?" АТТЫ ТРЕНИНГ ӨТКІЗІЛДІ

Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті 276 орта мектеп "Цифрлық әлемге - кемел біліммен" (Digitalion) атты апталық аясында информатика пәні мұғалімі Берекет Назерке Байқазықызы "Қалай визит картасын және chatGPT мәңгі тегін пайдаланамыз?" тақырыпта мұғалімдерге тренинг өткізді.

Тренинг барысында мұғалімдерге қалай chatGPT-ді мәңгі пайдалана аламыз және Canva платформасы арқылы визит картасын жасап оны QR код арқылы жеке клонды сөйлетуді үйретті.

Тренинг соңында мұғалімдерге Телеграм каналдың QR коды беріліп, сол жақтан көмекші құралдармен қалай жұмыс жасайтыны туралы видео сабақтар түсіндіріліп берілді.
<https://www.facebook.com/share/p/16vrfxtNg/>



"Қызық екен" атты мұғалімдер арасында интеллектуалды сайыс

Қызылорда облысы, Қазалы ауданының білім бөлімінің №276 орта мектебінде география пәнінің мұғалімі Шатуова Бағдат пен физика пәнінің мұғалімі Қаламбай Назеркенің ұйымдастыруымен "Қызық екен" атты мұғалімдер арасында интеллектуалды сайыс өтті.
Мақсаты:

- Мұғалімдердің жұмыстан тыс уақытын тиімді пайдалану;
- Интеллектуалдық және дүниетанымдық қабілеттерін арттыру;
- Пән бірлестіктері арасындағы байланысты нығайту.

Сабақтың барысы:

- Ұйымдастыру кезеңі
- Қатысушыларды сайыс шарттарымен таныстыру
- I бөлім – "Таныстырылым"
- II бөлім – "Сиқырлы ұшықтар"
- III бөлім – "Тәжірибе"
- IV бөлім – "Ой мен ойын"
- Өр кезең бойынша әділқазылар алқасы бағалау жүргізіп отырды.
- Қорытынды шешім шығарылып, екі топтың ұстаздары марапатталды.
- Жеңімпаз командаға сертификат табысталды.

<https://www.facebook.com/share/v/17NTq9RGev/>



"ӨНЕРТАПҚЫШТЫҚҚА АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ"

Бүгін 10-сынып оқушылары арасында "Өнертапқыштыққа алғашқы қадам" байқауы өтті. Іс-шара барысында оқушыларға ғылым, техника, экология, IT және басқа да салалардағы инновациялық идеялардың қалай пайда болатыны туралы бейнематериалдар көрсетілді.

Байқау барысында екі жоба ұсынылды:

- "Қарапайым ауа тазартқыш" – Жеткерген Ерасыл (жетекшісі: Құрбанова Жансая)
 - "Ақылды үй" жүйесін зерттеу – Едіге Ақпұр (жетекшісі: Сермағанбетова Назерке)
- Жобаларға байланысты ұсыныстар:

Қазылар алқасы мен ұстаздар оқушыларға жобаларын жетілдіру бойынша құнды кеңестер мен ұсыныстар берді.

Әрбір жоба бойынша жетілдіру жолдары, қолдану мүмкіндіктері, қосымша зерттеу бағыттары талқыланды.

Оқушылар өз идеяларын одан әрі дамытуға мотивация алды.

Оқушылардың ізденісі мен еңбегі – болашақ жетістіктердің бастауы! Барлық қатысушыларға алғыс білдіреміз!

<https://www.facebook.com/share/p/19XnALvmtu/>

